

2012 жылдың сәуір-маусымы және қазан-желтоқсанында аудан аумағында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізуді қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 93 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 4 сәуірде N 13-7-172 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі N 02-05-1.4-2/336 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 08.04.2013 N 02-05-1.4-2/336 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561- IV Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының ер азаматтарын, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің қоса берілген кестелері 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Селолық округ әкімдері азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кезінде шақырылушыларды ауданның жергілікті әскери басқару органына уақытында жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. «Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтарды әскери қызметке шақыру бойынша іс-шараларға арналған шығындарын уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы әскерге шақыру кезінде 2 бірлік

техникалық жұмысшылар мен қызмет көрсету персоналы қызметкерлерін
жұмысқа қабылдасын.

6. Осы қауылының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.
Сарбасовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап пайда
болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Жамбыл ауданының әкімі

С. Ыбыраев

К Е Л І С І Л Д І :

«Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы (СҚО ЖА ҚІБ) Аскаров
Мұрат Мәнапұлы

2012 жылғы 19 наурыз

1 - Қ о с ы м ш а

Жамбыл

ауданы

әкімдігінің

2012

жылдың

19

наурызындағы

№ 93 қаулысымен бекітілген

**2012 жылғы көктемде Жамбыл ауданы бойынша азаматтарды шақыруды
өткізу**

КЕСТЕСІ

Р /№	Селолық округтердің атаулары	Шақыры лушылар саны	Комиссиядан өтетін күндер				
			2012 ж . 02 . 04.	2012 ж . 03 . 04.	2012 ж . 04.04.	2012 ж . 05.04.	2012 ж . 06 . 04.
1	Архангелка	14	14	-	-	-	-
2	Баянауыл	15	15	-	-	-	-
3	Благовещенка	25	-	25	-	-	-
4	Железный	7	7	-	-	-	-
5	Жамбыл	10	10	-	-	-	-
6	Қайранкөл	20	-	20	-	-	-
7	Казанка	15	-	-	15	-	-
8	Кладбинка	8	-	-	8	-	-
9	Мирный	13	-	-	13	-	-
10	Майбалық	10	-	-	10	-	-
11	Новорыбинка	15	-	-	-	15	-
12	Озерный	11	-	-	-	11	-

13	Первомай	7	-	-	-	7	-
14	Пресноредут	8	-	-	-	8	-
15	Преснов	55	-	5	-	-	50
16	Троицкий	7	-	-	-	7	-
БАРЛЫҒЫ:		240	46	50	46	48	50

Ескерту: Шақыру комиссиясынан өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырыстары аптасына бір рет сәрсенбі күндері, көктемгі шақыруда 2012 жылдың 30 маусымына дейін, күзгі шақыру 2012 жылдың 30 желтоқсанына дейін.

2 - Қ о с ы м ш а

Ж а м б ы л

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л д ы ң

1 9

н а у р ы з ы н д а ғы

№ 93 қаулысымен бекітілген

2012 жылғы күзде Жамбыл ауданы бойынша азаматтарды шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

Р /№	Селолық округтердің атаулары	Шақыры лушылар саны	Комиссиядан өтетін күндер				
			2012 01.10.	ж. ж . 0 2 . 10.	2012 ж . ж . 0 3 . 10.	2012 04.10.	ж. ж . 0 5 . 10.
1	Архангелка	12	12	-	-	-	-
2	Баянауыл	13	13	-	-	-	-
3	Благовещенка	20	20	-	-	-	-
4	Железный	9	-	9	-	-	-
5	Жамбыл	10	-	10	-	-	-
6	Қайранкөл	25	-	25	-	-	-
7	Казанка	10	-	-	10	-	-
8	Кладбинка	8	-	-	8	-	-
9	Мирный	13	-	-	13	-	-
10	Майбалық	10	-	-	10	-	-
11	Новорыбинка	16	-	-	-	16	-
12	Озерный	11	-	-	-	11	-
13	Первомай	7	-	-	-	7	-
14	Пресноредут	9	-	-	-	-	9
15	Преснов	60	-	5	5	15	35
16	Троицкий	7	1	-	-	-	6
БАРЛЫҒЫ:		240	46	49	46	49	50

Ескерту: Шақыру комиссиясынан өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырыстары аптасына бір рет сәрсенбі күндері, көктемгі шақыруда 2012 жылдың 30 маусымына дейін, күзгі шақыру 2012 жылдың 30 желтоқсанына дейін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК